

«Төре балабақшасы» ЖШС
кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының № 4 хаттамасы.

Өткізілу күні: 30.01.2024жыл

Кеңес төрағасы: - Молдашева.А.А балабақша басшысы

Хатшы: Аяганова.А.М тәрбиеші

Қатысушылар: 11 адам

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1 «Төре балабақшасы» ЖШС мемлекеттік аттестациялау бойынша өзін - өзі бағалау жұмыстарын аяқтау туралы.
Молдашева.А.А балабақша басшысы

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Молдашева.А.А - балабақша басшысы

Ақтөбе облысының білім сапасын қамтамасыз ету департаментінің 2023 жылғы 10 қарашадағы құрылған тізімі бойынша «Төре балабақшасы» ЖШС мемлекеттік аттестациядан өтетін тізімге енгізілді.

Балабақша қызметін өзін-өзі бағалау жұмыстары мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын дайындалып, сонымен қатар бағаланатын кезең 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары мен ағымдағы 2023-2024 оқу жылының қыркүйек-қаңтар айлары қамтылады.

Балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру туралы 2023 жылғы 11 қыркүйектегі №15-н/қ бұйрығымен, ұйымның өзін-өзі бағалауын ұйымдастырылды және өткізілді.

1) Молдашева.А.А - балабақша басшысы

2) Сарсекова.Г.К – балабақша әдіскері

Балабақшада бағалау өлшемшарттарына және білім беру ұйымын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жұмысы жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» нормативтік құжаттар негізінде, балабақша қызметін өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілді.

2. Сарсекова.Г.К әдіскер

Сонымен бірге өзін-өзі бағалау кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарының орындап және жүзеге асырып жіберілген кемшіліктерді анықтап, дер кезінде жою жүргізілгенін айтты.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» талаптарын сақтауға байланысты қосымшалар-2,3,4,5 толтырылды.

Жоғарыда құрылған комиссия мүшелері білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша келесідегідей есептерді дайындалды.

Сарсекова.Г.К балабақша әдіскері – мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес оқу-әдістемелік жұмыс, МЖМС-мен толықтай жұмыс бағыттарын орындау, жұмыстық оқу жоспарларына талдау жасалды.

Сапарова.А.А балабақша тәрбиешісі – педагог кадрлар жөнінде мәліметті, сапалық құрамын, топтардың перспективалық жоспарлары мен циклограммаларын талдау жасады.

Шайрова.М.А балабақша тәрбиешісі – тәрбиеленушілер контингентін, жас топтарын қалыптастыру кезіндегі талаптардың сақталуын, тәрбиеленушілер мониторингін талдау жасалды.

Кадралина.А.Т балабақша шаруашылық басшысы мен Сарсекова.Г.К балабақша әдіскері – оқу-материалдық активтер, пәндік-кеңістік орта жұмысын талдау, жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат жинады.

Балабақша педагогтарының перспективалық жоспарлары мен циклограммаларын ПДФ-тап скан вариантын жасалып балабақша сайтына орналастырылды tore-bb.testim.kz

Педагогикалық кеңес **шешім етті:**

ШЕШІМ:

1. 2024 жылдың 05-29 қаңтар аралығында «Төре балабақшасы» ЖШС өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілді.
2. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізіліп, тиісті құжаттар балабақшаның сайтына салынды tore-bb.testim.kz
3. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізуде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» басшылыққа алынды.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:

Молдашева.А.А

Аяганова.М.А

